

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қоры туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 14 сәуір 1993 ж. N 300. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қоры туралы" 1993 жылғы 30 қаңтардағы N 1944 қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Зейнетақы қоры туралы қоса берілген Ереже б е к і т і л с і н .

2. Зейнетақы қорының міндеттерін жедел шешу мақсатында Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігінің құрылымында Зейнетақы қорының Бас басқармасы, ал жер-жерлерде оның тиісті б ө л і м ш е л е р і к ұ р ы л с ы н .

3. Зейнетақы қоры қаржыларын басқаруды демократияландыру, сақтық жарналарын төлеушілердің, зейнеткерлердің, мүгедектердің мүддесін қорғау, зейнетақы төлеуге жұмсалатын шығындардың уақтылы және толығынан қаржыландырылуына бақылау жасау мақсатында Қазақстан Республикасы Зейнетақы қоры басқармасы құрылысын, оның құрамына Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының, Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігінің, Еңбек министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері енеді.

4. Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі, Зейнетақы қоры бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорларынан негізгі қорларды, айналымдағы қаржыларды, активтер мен олардан түсетін кірістерді және дивидендтерді қоса қабылдап алып, өткізуді қамтамасыз е т с і н .

Қабылдап алу өткізу нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне баян етілсін.

5. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаржылардың құралу көздері мен жұмсалу бағыты бойынша Зейнетақы қорларының бюджетін, республикалық бюджетпен бір мезгілде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ұсынысы бойынша бекіту сұралсын.

6. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне "Қазақ ССР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ ССР Заңына өзгерістер енгізу

туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы енгізілсін.

7. Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі, Қаржы министрлігі Әділет министрлігімен бірге Үкімет шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы бір ай мерзім ішінде ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 14 сәуірдегі
N 300 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қоры туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік жағынан қорғау жүйесіне кіреді және Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген Заңына сәйкес төленетін зейнетақыларға жұмсалатын шығындарды қаржыландырушы көз болып табылады.

< * >

Ескерту. 2-тармақтың екінші абзацы күшін жойған - ҚРМК-нің
1995.08.02. N 1069 қаулысына сәйкес.

3. Зейнетақы қорының басты міндеттері:
міндетті сақтық жарналарын төлеушілердің толық есебін алып, тіркеуді
қамтамасыз ету;

қаржыларды шоғырландырып, зейнетақылар мен жәрдемақыларды, төлеуге жұмсалатын шығындарды қаржыландыруды қамтамасыз ету;

қаржылардың толық келіп түсуіне бақылау жасау жөнінен салық қызметімен өзара қарым-қатынаста болу;

осы қаржылардың түсуінің есебін және белгіленген мақсатқа жұмсалуын ұйымдастыру болып табылады.

II. Зейнетақы қорының қаржылары

4. Зейнетақы қорының қаржылары мыналардың есебінен:
меншік нысанына және қызмет түріне қарамастан, жұмыс берушілердің, кәсіпкер қызметпен шұғылданатын азаматтардың сақтық жарналарынан;

жұмыс істейтін азаматтардың міндетті сақтық жарналарынан;
жұмыс берушілердің мерзімінен бұрын тағайындалатын зейнетақыларға
байланысты және зейнетақы жеңілдікті түрде тағайындау мақсатында
жұмсалатын шығындардың орнын толтыратын қаржыларынан;
нақты адамдар мен заңды ұйымдардан түсетін ерікті жарналар мен
қ а й ы р ы м д ы л ы қ қ а р ж ы л а р ы н а н ;
жұмыс берушілер мен азаматтардан кейін қайтарып алу талабымен өндіріп
а л ы н а т ы н қ а р ж ы л а р д а н ;
қордың депозит бойынша алатын дивидендтері мен кірістерінен;
(8 - а б з а ц) < * >

*Ескерту. 4-тармақтың сегізінші абзацы алынып тасталған - ҚРМҚ-нің 1994 ж
31 қаңтарда N 116 қаулысымен.*

5. Зейнетақы қорының ақшалай қаржылары мыналарға:
қолданылып жүрген заңға сәйкес берілетін зейнетақыларды қаржыландыруға;

қарттар мен еңбекке жарамсыз азаматтарды әлеуметтік жағынан қорғау
жөніндегі әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға қатысуға;
халықты әлеуметтік жағынан қорғаудың жергілікті органдарын техникамен
ж а р а қ т а н д ы р у ғ а ж ұ м с а л а д ы .

6. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі бекітетін мемлекеттік
әлеуметтік сақтандыруға бөлінетін тарифтерге сүйене отырып, Зейнетақы қоры
мен Әлеуметтік сақтандыру қорының арасындағы қаржыларды Қазақстан
Республикасы Министрлер Кабинеті норма бойынша бөледі.

7. Зейнетақы қорының қаржылары Қазақстан Республикасы Ұлттық
банкiсіндегі республикалық бюджеттің банкiсiнiң арнайы шоттарында сақталады
< * >

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілген - ҚРМҚ-нің 31.01.1994 ж. N 116
қаулысымен .*

III. Зейнетақы қорының бюджетін құру

8. Зейнетақы қоры бюджетінің жобасын Қазақстан Республикасы Халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі әзірлейді және алдағы жылға арналған республикалық бюджетті
қ а р а у к е з і н д е б е к і т і л е д і . < * >

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда берілген - ҚРМҚ-нің
31.01.1994 ж. N 116 қаулысына сәйкес.

IV. Зейнетақы қорын басқару

9. Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі және оның жер-жерлердегі мекемелері Зейнетақы қорын басқару органы болып т а б ы л а д ы .

10. Жедел және ағымды міндеттерді шешу үшін Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігінде Зейнетақы қорының Бас басқармасы, ал жер-жерлерде оның тиісті бөлімшелері құрылады.

11. Зейнетақы қоры қаржыларын басқаруды демократияландыру, сақтық жарналарын төлеушілердің, зейнеткерлердің, мүгедектердің мүддесін қорғау, зейнетақыларды төлеуге жұмсалатын шығындардың уақтылы қаржыландырылуына бақылау жасауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының басқармасы құрылады, оның құрамына Қазақстан Республикасы мен Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының, Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігінің, Еңбек министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Ұлттық банкісінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері енеді.

Зейнетақы қорының басқармасы:

зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеуге жұмсалатын шығындардың мақсатты, уақтылы және толығымен қаржыландырылуына бақылау жасауды жү з е г е а с ы р а д ы ;

Зейнетақы қорының алдағы және ағымдағы міндеттерін белгілейді;

Зейнетақы қоры бюджетінің жобасын жасайды және оны алдағы жылға арналған республикалық бюджеттің жобасына енгізу үшін оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне тапсырады;<*>

Зейнетақы қорына төленетін жарналар тарифінің мөлшері жөніндегі ұсынысты қарап, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне енгізеді;

Зейнетақы қоры қызметінің мәселелері жөнінде әдістемелік және түсінік жұ м ы с т а р ы н жү р г і з е д і ;

Тексеру комиссиясының есебін тыңдайды;

Тексеру комиссиясының құрамын және ол туралы ережені бекітеді.

Зейнетақы қорының басқармасы қажеттілігіне қарай шақырылады, бірақ тоқсанына бір реттен кем болмауға тиіс. Басқарма өз мүшелерінің кем дегенде үштен екісі қатысқанда кәдімгі көпшілік дауыспен шешім қабылдауға хұқылы.

Ескерту. 11-тармақтың бесінші абзацы жаңа редакцияда берілген - ҚРМК-нің 31.01.1994 ж. N 116 қаулысына сәйкес.

12. Халықты әлеуметтік жағынан қорғауға бағытталған қаржылардың мақсатты және дұрыс пайдаланылуына бақылау жасау үшін Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігінде Тексеру комиссиясы құрылады, оның міндеттері:

Зейнетақы қоры қаржыларының халықты әлеуметтік жағынан қорғау жүйесінде дұрыс және тиімді жұмсалыуына бақылау жасау;

заңсыз төлемдер жасалғанда мемлекетке келтіретін зиянның орнын толтыру жөнінде шаралар қабылдау;

халықты әлеуметтік жағынан қорғау мекемелерінде құжаттарды тексеру және қаржы қызметіне тақырыптық тексеріс жүргізу;

меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда Зейнетақы қорына аударылатын қаржылардың дұрыстығы және толық екендігі жөнінде салық қызметімен бірлесіп тексеріс жүргізуді ұйымдастыру болып табылады.

Тексеру комиссиясының Төрағасын Зейнетақы қорының басқармасы тағайындайды.

13. Зейнетақы қоры басқармасының органдары мен Тексеру комиссиясы мүшелерінің кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде Зейнетақы қорына енетін жарналарға және одан төленетін төлемдерге байланысты құжаттарды тексеріп, талап етуге хұқы бар. Кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, соның ішінде банкілер де тексеруші органдар қызметкерлеріне өздерінің жұмыстарына қатысты қажетті құжаттарды беруге міндетті.